

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан — 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Жолдауы.- Астана, 2012.
2. Ромашикина, Г. Ф. Оценка качества образования: опыт эмпирического исследования. Университетское управление: практика и анализ, 2005.
3. Базарбаева Ж.М., Ермакбаева Д.К., Есимшитова З.Б. Объективность оценки знаний студентов – необходимое условие повышения качества подготовки специалистов // *International Journal of Applied and Fundamental Research*. - №7, 2012.
4. Құрманбаева Ш.Қ., Ислямова С.А. Студенттің білім жетістігін критериялды бағалау. Оқу-әдістемелік құрал.– Астана, 2019. – 39 бет.
5. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар. Рухани жаңғыру» атты мақаласы // *Егемен Қазақстан*, №70 (29051). 12.04.2017.

МРНТИ 14.35.07

<https://doi.org/10.51889/2020-2.1728-5496.23>

*К.Т.Жансугурова<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>*Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті  
Алматы қ., Қазақстан*

## **ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ИНТЕРАКТИВТІ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ**

*Аңдатпа*

Еліміздегі жоғары оқу орны қазіргі кезеңде бір жағынан тұжырымдамалық негіздерді жетілдіру, қайта ой елегінен өткізу және жаңғыртумен сипатталса, екінші жағынан нарықта білім беру қызметінің бәсекелестігінің шиеленісуімен, педагогтардың инновациялық әлеуетіне, білім беру сапасына талаптардың күшеюімен сипатталады. Бүгінгі күні оқытудың дәстүрлі құралдарына негізделген сөздік-кітаптық әдістердің маман дайындаудың тиімділігі мен сапасын арттырудағы мүмкіндіктері әлсіреген. Мақалада интерактивті оқыту технологиясының өзектілігі негізделеді. Интерактивті оқыту технологиясын қолданып сабақтар өту барысындағы әдістер жөнінде қарастырылады. Интерактивті технологиялардың негізгі идеялары ажыратып көрсетіледі.

**Түйін сөздер:** білім беру ортасы, инновациялық технологиялар, педагогикалық инноватика, модификациялық инновация, комбинаторлық инновация, радикалдық инновация, интерактивті технология, интерактивті әдіс, интерактивті әдістеме.

*К.Т. Zhansugurova<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>*Kazakh Ablai khan UIRandWL*

## **EFFICIENT USE INTERACTIVE LEARNING TECHNOLOGIES IN HIGHER EDUCATIONAL INSTITUTIONS**

*Abstract*

Higher education in our country at present is characterized, on the one hand, continue to improve, rethinking and revision of conceptual frameworks, and with another - increased competition in the education market, increased requirements to the innovative potential of teachers, increased requirements to the quality of the educational process. Today, virtually exhausted reserves of growth of efficiency and quality of training of students, based on the use of word-book.

The article is based on the relevance of interactive learning technology. Learning methods using interactive learning technologies are considered. The main ideas of interactive technologies are highlighted.

**Keywords:** educational environment, innovative technology, Educational Innovation, Modification innovation, combinatorial innovation, radical innovation, interactive technologies, interactive method, interactive method.

К.Т.Жансугурова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана, Алматы, Республика Казахстан

## ЭФФЕКТИВНОЕ ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИНТЕРАКТИВНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ ОБУЧЕНИЯ В ВЫСШИХ УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЯХ

### Аннотация

Высшее образование в нашей стране на данный момент характеризуется, с одной стороны, продолжающимся совершенствованием, переосмыслением и пересмотром концептуальных основ, а с другой - обострением конкурентной борьбы на рынке образовательных услуг, повышенными требованиями к инновационному потенциалу педагогов, повышенными требованиями к качеству образовательного процесса.

Сегодня фактически исчерпаны резервы роста эффективности и качества подготовки обучаемых, основанные на использовании словесно-книжных методов воздействия на обучаемых с опорой на традиционные средства обучения. Статья основана на актуальности технологии интерактивного обучения. Рассмотрены методы обучения с использованием интерактивных технологий обучения. Выделены основные идеи интерактивных технологий

**Ключевые слова:** образовательная среда, инновационная технология, педагогическая инноватика, модификационная инновация, комбинаторная инновация, радикальная инновация, интерактивные технологии, интерактивный метод, интерактивная методика.

**Кіріспе.** Қазіргі таңда жаңа көзқарас, жаңа идея, жаңашылдықты іздеу оны іс-әрекетінде қолдану заманы. Өмір сүру барысында біз жаңа өнімдерді, заттарды, білімдерді, идеяларды кездестіреміз. Олай болса, оқыту үдерісі, әдістері де осы жаңашылдықтарға сәйкес өзгеріп отыруы тиіс. Өмір сүру барысында біз жаңа өнімдерді, заттарды, білімдерді, идеяларды кездестіреміз. Олай болса, оқыту үдерісі, әдістері де осы жаңашылдықтарға сәйкес болуы тиіс. Осы орайда біз студенттерді оқытудың жаңа әдістерімен таныстырып, тәжірибеде қолдана білуге үйретуіміз керек. Оқыту барысында инновациялық әдістері мен технологияларды қолдануымыз қажет.

«Инновация» ұғымы латын тілінен алынған, ол - «жаңару, өзгеру» дегенді білдіреді. Бұл түсінік ХІХ ғасырдағы зерттеулерде пайда болып, белгілі бір мәдениеттің кейбір элементтердің бірінен екіншісіне енгізу дегенді білдіреді.

XX ғасырдың 30-жылдарында Еуропада ғылымның жаңа саласы, жаңашылдық ғылымы пайда болып, ал 50-жылдары педагогикалық инноватика қалыптасты. Жалпы, инноватика – жаңару үдерісі, жаңалық үдерістерінің теориясы, жаңалық ендірулер туралы ғылым. Яғни, педагогикалық инноватика осы ғылым саласындағы жаңалықтар үдерісін зерттейді. Бұл мәселені шетелдік ғалымдармен (К.Ангеловский, М.В.Кларин, В.Я.Ляудис, М.М. Я.А. Пономарев және т.б.) қатар отандық Ш.Т. Таубаева, Ж.А. Қараев, Г.К.Нұрғалиева және т.б. педагог ғалымдар тәрпынан біршама қарастырылған.

Инновациялық технологиялардың пайда болуы, мәдени байланыстың кеңеюі мен тереңдеуі, ақпараттар ағынының сапасы мен санының тұрақты түрде артуы уақытпен бірге қарқын алып отырған ақпараттар ағынына бейімделу тәсілдерін меңгеру үшін тиісті ептіліктер мен білімді қажетсінеді. Бұл үшін ақпаратты қабылдау және есте сақтау қабілетімен бірге оны шығармашылықпен өңдеу, мәселелерді көріп, оларды шеше білу керек.

**Зерттеудің әдіснамасы.** Сондықтан да білім берудің алдына төмендегі міндеттер қойылады: жас ұрпақтың осы заманғы әлеуметтік-мәдениеттік жағдайға әлеуметтенуі сынды күрделі мәселені шешу, оның өзіндік өзектілігі арқылы сәйкестік сипатын иеленіп, шығармашылық мүмкіндікті дамытуына жол ашатын ізгілік түсінігін қалыптастыру.

Яғни, біз студенттерді оқытудың жаңа әдістерімен таныстырып, тәжірибеде қолдана білуге үйретуіміз керек. Жаңалықтардың түрлеріне келер болсақ, алдымен білім берудің мақсаты мен міндеттеріне негізделетін жаңалықтар, оған: материалдық және рухани; құрылымдық және технологиялық; негізгі, іргелі, стратегиялық жаңалықтар жатады. Білім беру ұйымдары мен саласындағы жаңалықтарға: жаһандық, ұйымдық, жеке және аяқастынан туындаған және ірі және ұсақ, сырттан келетін және ішкі, сыртқы жаңалықтар жатады. Сонымен қатар, жаңалықтар белгілі бір

өлшемдермен өлшенеді. Мысалы, ғалым К.Ангеловский төрт өлшемді анықтаған: біріншісіне жаңалық енгізілетін саланы жатқызса, екіншіге - жаңашылдық үдерісті және жаңалықтар енгізу амалын, үшіншіге жаңашылдық іс-әрекеттердің ауқымы мен көлемін, төртінші критерийге жаңалықтардың пайда болуын жатқызған. Жаңашылдық үдерісі белгілі бір кезеңдер арқылы жүзеге асырылады:

- жаңалықты табу (іздеу, қалыптастыру және бейімдеу);
- қалыптасқан жаңалықты зерттеу: тәжірибеде тексеру, бағалау, сынау және ғылыми-педагогикалық тұрғыдан сараптаудан өткізу;
- жаңалықты мамандар тарапынан қайта қарау және кемшіліктерін түзету;
- жаңалықты қолданысқа ендіру, теориялық тұрғыдан зерттеу, тәжірибеде қолдану;
- жаңалықты одан әрі дамыту- деп қарастырады[2].

Инновацияны мазмұны, құрылымы, сипатына байланысты әртүрге бөліп қарастыруға болады. Мысалы мазмұнына байланысты ғалымдар: модификациялық, комбинаторлық, радикалдық, деп бөлген:

Модификациялық инновация дегеніміз, қолда барды дамыту және оның түрін өзгерту, бұған В.Ф.Шаталовтың математикадан жазған тірек конспектісін жатқызамыз. Комбинаторлық инновация, бұрын қолданыста болмаған белгілі әдістеме элементтерін жаңаша құрастыру, мысалға әдебиет пен тілді оқытудың қазіргі кездегі әдістемесі дәлел бола алады.

Радикалдық инновация, білім беру жүйесіне мемлекеттік стандарттарды енгізу жатады. Мемлекеттік стандарт білім беруде, негізінен өлшемдерді, деңгейлік және сапалық оқытудың көрсеткіштерін қалыптастырады. Сипатына байланысты саяси-әкімшілік, білім беру жүйесіне өзгерістер саяси билік тарапынан әр түрлі әкімшілік шаралардың көмегімен енгізілуі, нормативті-редуктивтік, яғни ең алдымен мамандар енгізілетін жаңалықты сараптап, даярлайды одан кейін оқытушылар дайындықтан өтеді содан кейін жаңалық қолданысқа енеді[3].

Ал «технология» (грек тілінен аударғанда *techne* - өнер, шеберлік, жасай алу және *logos* – білім) - өнеркәсіптің әртүрлі салаларындағы материалдарды немесе жасалған заттарды т.б. өңдеу немесе қайта өңдеу, қабылдаудың сәйкестігі және алу тәсілдері; осындай қабылдаулар мен тәсілдерді жасайтын және жетілдіретін ғылыми жүйе.

Білім берудегі интерактивті технология - мұндағы интерактивті сөзі- *inter* (бірлесу), *act* (әрекет жасау) ұғымын білдіреді, сабақ барысында оқушының топпен жұмыс жасауға қатыспауы мүмкін емес, бірін-бір толықтыратын, сабақ барысында барлық студенттердің қатысуын ұйымдастыратын оқыту барысы[3].

Интерактивті әдістің ерекшелігі - студент өзгелермен араласу барысында ашыла түседі, көбірек оқып, тәжірибе жинай білуі керек. Тәжірибе интеллектуалдық тәуелсіздіктің негізі болып табылады және барлық өркениетті азаматтың қажетті құралы десек те болады.

Интерактивті әдістеме білім алушылардың мынадай мақсаттарына жетуге мүмкіндік береді:

- студенттер жаңа тақырып туралы ақпараттар алып, өздері айтқан пікірге логикалық түсініктеме беруге жол ашады;

- өз пікірлерін терең ойланып айта алатын болады;

- мәселені талқылаған кезде бұған дейін алған, тәжірибеде жинақтаған білім қорын пайдалана алады;

- бір-бірінен жаңа мағұлматтар ала отырып, білімін толықтыра алады;

- шындыққа көз жетуі үшін дәлел іздеп, ойын анықтап көрсете алады;

Интерактивті әдісте таным қабілеттерінің мынадай түрлері қолданылады:

- фактілерді еске алу;

- ойлану;

- алған білімін жаңа жағдайға пайдалану;

- талдап, синтездеп үйрену (бір ортақ шешімге жету үшін, барлық идеяларды біріктіру);

- баға беру (сапасын анықтау).

Бұл әдіс осылай жастарды жеке тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына жол ашады. Бұл ретте ең алдымен оқытудың формалары мен түрлерін, әдістерін түрлендіріп, жаңартып отыру, білім беру ісін технологияландыру (озық техникаларды мысалы: ғаламторды, интерактивті тақтаны, электронды оқулықтарды т.б. пайдалану) керек. Ең бастысы білім алушыларды оқу әрекетінің субъектісі ретінде дамуын қамтамасыз ету керек. Олардың оқу әрекеттерін ынталандыруда барлығының көзқарастарына көңіл бөлу керек, пікірлеріне шынайы қызығушылық танытып, келісуі оларды белгілі

бір шешім қабылдауға мәжбүрlemeу, пікірлерін сынауға, жоққа шығаруға, кемсітуге жол бермеу керек. Интерактивті әдіс кезінде мыналар ескерілуі керек:

- студенттің еркіндігі мен құқықтары сақталуы керек;
- студенттің өзін көрсете алуына жағдай жасау керек;
- оған өзіндік даралығын көрсетуге мүмкіндік жасау керек;
- педагогикалық қолдау көрсету.

Бұл мақсатқа жетудің тиімді жолының бірі - сабақта оқытудың интерактивті әдісін қолдану болып табылады.

Интерактивті әдістің тиімділігі:

- Өзіңе деген сенімділікке тәрбиелейді;
- Шешендік өнері дағдылары қалыптасады;
- Тыңдай білуге үйретеді;
- Танымдылықтың маңызын түсінуге көмектеседі (үнемі абсолюттік шындық бола бермейді);
- Сыни ойлауға дағдыланады;
- Өз пікірінің айту құқығының бар екенін сезінеді;
- Пікірлердің сан алуан болатындығын жақсырақ түсінеді.

**Дискуссия және зерттеу нәтижесі.** Интерактивті әдістерді ыңғайына қарай дәріс, семинар, студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыруда төмендегідей әдістерді қолдануға болады.

«*Миға шабуыл*» (ағыл. Brainstorming) - кез келген қиын мәселелердің шешімін табуға мүмкіндік беретін шығармашылық белсенділікті дамытатын әдістердің бірі. Миға шабуыл ұстанымы айтылған әңгіменің талқылауында, бір де бір қатысушы кез келген идеяға сыни бағалауы шарт еместігімен шешіледі.

Миға шабуыл әдісі адамның шығармашылық қабілеттерін ашады, онда ішкі күштері және әлеуметтік факторлары көрсетілмейді, өзінің жеке әлеуетін толық көрсетуге мүмкіндік бермейді. Миға шабуыл әдіс ретінде белсенділікті ынталандыруда барлық шектеулерді алып тастауға мүмкіндік береді, жеке әлеует сол кезде толық ашылуы мүмкін.

«Миға шабуыл» әдісі өткен жүз жылдықтың 30-шы жылдарында топтық жаңа идеялардың пайда болуы ретінде қалыптасты. Бұл әдістің негізгі идеясы шығармашылық және сыни ойлаудың қарама-қайшылығынан тұрады. «Миға шабуылды» ұйымдастыруда, қарапайым талқылаулар және мәселелердің шешімін табуда жаңашыл идеялар туындайды, соған қатысты сананың бақылау тетіктері кедергі жасауы мүмкін екенін ескеру керек. Бұл тетіктер шешім қабылдауда, студенттерді таптандыруды, әдеттегі формалар кедергі келтіреді. Сондықтан лайықты шешім қабылдауда сәтсіздіктен сескену, қорқыныш күлкілі болып табылатын фактор ретінде көрінеді. Дегенменде бұл технологияны интеллектуалды шығармашылық қабілеттілікті ынталандыратын тәсіл ретінде пайдалануға болады. «Миға шабуылға» қатысушылар ең сенгісіз басқарушылық шешімдердің түрлі нұсқаларын ұсынуына болады[4].

Келесі «жоба әдісі» - студенттердің өз бетінше жоспарланған және өздігінше осы жоспарды жүзеге асыратын жұмысы. Жоба жұмысында оймен ойлап, ауызша мен жазбаша жұмысы қатар жүрсе, ол студенттің бойындағы шығармашылықты дамыта алады және өз бетімен сөйлеуге, ой қортындылауға, өз ойын ғылыми деректермен нақтылап жеткізе алуға үйретуді, яғни алған білімін іс жүзінде меңгеруді қалыптастырады.

Америка философы-прагматик, психолог және педагог Джон Дьюи (1859-1952) «жобалау әдісінің» негізін қалаушы. Бірақ, ол өзінің еңбектерінде «жоба» сөзін қолданбаған. Ол өз тұжырымдарын білім алушылардың іс – әрекеттерімен, өмірмен жеке тәжірибесімен байланысты талдап, нәтижесін берген, ал бұл жобалау әдісінің негізі.

1910-жж. АҚШ профессоры Коллингс, оқу жобасының төрт тобын анықтаған:

1 «*Ойын жобасы*» - кіші жастағы балаларға арналған жоба, онда топ болып әрекет ету жүзеге асырылады: әртүрлі ойындар, дидактикалық, драммалық қойылымдар, тағы басқа көңіл көтерушілерге арналған шаралар;

2 Белсенді ойындар жылдамдыққа, икемділікке машықтыққа үйрету;

3 «*Экспериментальдық жоба*»: мәселені қоршаған орта және қоғамдық өмірмен байланысты қарастырып, оны мақсатты түрде оқып білу.

4 «*Нақты қызығушылыққа негізделген жоба*»: студенттер мұнда өзінің атқарған жұмысының өнімінен ләззат алады, оған ауызша, жазбаша, қызығушылығына, орындау мүмкіндіктеріне байланысты түрлі іс - әрекеттер, (сурет салу, мәнерлеп өлең оқу ) және т.б. жатады.

5 «Құрастырушылық жоба», нақты, қажетті өнім шығаруға бағытталады: жаңа бағыт десе де болады, оқуға қажетті зат, т.б. Жоба мазмұнына, құрылымына, мерзіміне, деңгейіне байланысты жіктеледі. Мысалы: *мерзіміне* байланысты қысқа, ұзақ, айлық, жылдық т.б. болып жіктеледі. *Деңгейіне* байланысты, университет аралық, облыстық, республикалық, халықаралық болып бөліне алады[5]. Жобалау әдісін қолдану арқылы төмендегідей оқыту дағдылары қалыптасады (Кесте 1).

1	Есте сақтау	Білу. Еске түсіру.
2	Түсіну	Интерпретациялау. Мысал келтіру. Жіктеу Жалпылау. Ой қорыту. Салыстыру.
3	Қолдану	Орындау
4	Талдау	Саралау. Ұйымдастыру. Сәйкестендіру
5	Бағалау	Тексеру. Сынау
6	Жарату. Өндіру	Генерациялау. Жоспарлау. Жарату. өндіру.

Кесте 1 - Ойлауға дағдылану сатылары

Студенттер өзіндік жұмыс тапсырмаларын орындауда жобалау әдістерін 3 кезең арқылы орындайды. Бірінші кезең - үлгілендіру. Бұл кезеңде қажетті ақпараттар іздейді, тәжірибелік жұмыстар жүргізу үшін арнайы мекемемен келісіп, сол мекемеде тәжірибелік жұмыс жүргізеді. Мысалы: мектепке барып оқушыларға сауалнамалар жүргізіп, сұхбаттар алып, сол саланы зерттеуші мамандардың ғылыми еңбектерімен танысып, мүмкіндік болса кездесу ұйымдастырады. Ал екінші жоба құрастырушы кезең. Бұл кезеңде мәтіндер, слайд, бейнебаяндар даярлайды. Үшінші кезеңде құрастыру технологияларын пайдаланады және аудиторияда жоба мазмұнымен, күтілетін нәтижесімен таныстырады.

*Ассоциограмма әдісі* (диаграммалық байланыстар) немесе ағыл. «Mind map»: «зерде-карта», «ой картасы», «ассоциативтік карта» – әртүрлі білімдердің мазмұнын құрылымдық күйге келтіріп, оларды графикалық (сызықтық) түрлерде елестетіп, түсініп, жеңіл қабылдауға көмектесетін оқытудың кешенді әдісі.

Бұл әдісті 1970-ші жылдары ағылшын ғалымы Тони Бьюзен (Tony Buzan) ұсынған. Ол: студенттер әдетте мидың «қисынды ойлайтын» сол жақ жартысымен жұмыс істейді. Ал олардың миларының екі жартысы бірдей жұмыс істеуі үшін білімді графикалық (сызық бейнелік) түрлерге түсіру керек. Графика тек қисындық-аналитикалық қана емес, сонымен бірге образдық-шығармашылық ойды да өрістетеді. Бұл әдіс ой мазмұнын белгілі бір деңгейлерге жіктеуге, оны белгілі бір құрамдас бөліктерге бөлуге және олардың ара байланыстарын анықтауға көмектеседі. Осы байланыс жақтарынан алғанда ассоциативтік әдіс:

- жалпылық ойлар түйіндеуге;
- кешендік жүйені елестетуге;
- мәтін мен ұғымдарды жүйелеуге;
- жазылған/белгіленген бейнелерді немесе оқу материалдарын шолуға;
- жобаны жоспарлауға;
- оқу материалдарын тереңдетуге және нығайтуға;
- идеяларды жинауға және біріктіріп құруға көмектеседі [6].

Ассоциограмма әдісін жаңа өтілетін сабақ туралы студенттердің ой-пікірін анықтау үшін қолданудың тиімділігі зор. Ол үшін оқытушы тақырыпқа сәйкес дискуссиалық сұрақтар қойып, әр тыңдаушылардың жауаптарымен ой бөлісе отырып, әрі қарай оқытушы толықтырып білім мазмұнына деген студенттердің қызығушылығын артырады. Әрбір студент өтілетін тақырып бойынша өзінің ой-зерде картасын жасайды әрі түсіндіреді. Бұл әдіс арқылы студенттердің ойлау қабілеті артып, танымдық әрекеттер арқылы өз ойын тез зерделей отырып, ғылыми шығармашылық ойы дамиды, өзіндік көзқарас, ой –толғанысы, пікірі қалыптасады. Әдетте мұндай қарым-қатынас студент әлдебір мәселені талқылап, соның шешімін табуға тырысқан кезде байқалады. Бұл жерде студенттердің жауаптарынан гөрі мәселенің шешімін табуға талпынғаны маңыздырақ. Себебі интерактивті оқытудың басты мақсатының өзі сол- студенттердің өз бетінше ой қорытып, жауап таратуға үйрету. Интерактивті әдістеме өзара қарым-қатынастың мол ауқымын қамтиды.

**Қорытынды.** Жоғарыда аталған интерактивті оқыту әдістері сабақта тиімді пайдалану студенттердің білімге деген құштарлығын арттырып, білім сапасын дамытуға ықпал етеді, білім алуға

деген қызығушылығын оятып, ізденушілік қабілетін артырады және болашақ кәсібіне деген сүйіспеншілігі артады. Интерактивті оқыту технологияларын орынды қолдану оқыту сапасын жетілдіруге көмектеседі.

Интерактивті технологияның тиімділігі:

- Өзіңе деген сенімділікке тәрбиелейді;
  - Шешендік өнер дағдылары қалыптасады;
  - Тыңдай білуге үйретеді;
  - Танымдылықтың маңызын түсінуге көмектеседі (үнемі абсолюттік шындық бола бермейді);
  - Сыни ойлауға дағдыланады;
  - Өз пікірінің айту құқығының бар екенін сезінеді;
  - Пікірлердің сан алуан болатындығын жақсырақ түсінеді;
- Осының бәрі “Оқу шеберлігі” идеясына саяды.

Оқу шеберлігі – бұл барлық даму үстіндегі және озық елдердің азаматтарына қажетті ой еркіндігі болып табылатын дағды.

Қортындылай келе болашақ маман инттерактивті іс-әрекеттің негізгі қағидаларын меңгереді және іс – тәжірибеде қолдана алады:

- жаңалықты тұтастай және жекелеген кезеңдерінің нәтижелерін болжай алады;
- жаңалықтың жетімсіз жақатарын анықтап, оны енгізуді ұйымдастыру кезеңді толықтыру мақсатын көздеу;
- жаңалықтарды басқа жаңалықтармен салыстырып, олардың тиімдісін таңдап алу, мәні мен зерттелуін анықтайды.
- өз іс-әрекетіне үнемі әдістемелік талдау жасап отырады.

*Қолданылған әдебиеттер тізімі:*

1. Әлқожаева Н.С., Төлешова Ұ.Б. Жоғары мектептің оқу үрдісінде педагогикалық технологияларды қолдану. – Алматы, 2009. – 131 б.
2. Ангеловский К. Учителя и инновации: кн. для учителя. - М.: Просвещение, 1991. – 158 с.
3. Коваленко А.К. Энциклопедия педагогических технологий. – СПб.: КАРО, 2002. – 368 с.
4. Әлқожаева Н.С., Төлешова Ұ.Б. Білім берудегі педагогикалық технологиялар. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. - 122 б.
5. Гузев В.В. Планирование результатов образования и образовательная технология. - М.: Народное образование, 2000. - 206 с.
6. Хант Р., Базан Т. Как создать интеллектуальную организацию: Пер. с англ. - М, 2002. - 230 с.
7. Узакбаева С., Нурдаулетова А. Факторы, определяющие использование педагогических технологий. //II Республиканская научно-практическая конференция молодых ученых «Молодые ученые диалог науки и образования», посвященная 550-летию Казахского ханства и 20-летию Ассамблеи народов Казахстана. - 2015. - 5 февраля. – С. 245-248.